

## Киелітас ауылдық округі Сұлтанрабат елді мекені Бадам көшесінде бруцеллез ауруы бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Төлеби ауданының Киелітас ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 7 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 сәуірде № 6169 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданының Киелітас ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 14 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданының Киелітас ауылдық округі әкімінің 13.09.2021 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Төлеби аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 08-02-07/108 ұсынысы негізінде, Киелітас ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Төлеби ауданының Киелітас ауылдық округі, Сұлтанрабат елді мекені, Бадам көшесіндегі № 56 үйден ірі қара малдың "бруцеллез" ауруына оң нәтиже бергеніне байланысты, Киелітас ауылдық округі, Сұлтанрабат елді мекені, Бадам көшесіндегі (№ 50 үй - № 65 үй аралығы) 15 үйге шектеу іс-шаралары енгізілсін.

2. "Төлеби ауданының Киелітас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды Киелітас ауылдық округі әкімінің орынбасары Н.Садықбековке жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК